Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

19 ақпан сенбі
№14 (1819)
2022 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Біздің бір ғана Отанымыз бар, ол – Қазақстан

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Qazaqstan» ұлттық арнасына берген сұхбаты

– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, «Qazaqstan» ұлттық телеарнасына сұхбат беруге келісім бергеніңіз үшін Сізге көп рахмет. Сіздің алдыңғы сұхбатыңыз орыс тілінде болды. Баспасөз хатшыңыздың айтуынша, ол сұхбат халықаралық аудиторияға арналған. Бұл жолы қай аудиторияға арналады? Осындай бөле-жару қазақ тілін кемсіту болып есептелмей ме?

– Бұл ешқандай да кемсітушілік немесе менсінбеушілік емес. Осыған дейін көптеген телеарна менен бірнеше рет сұхбат беруді сұраған болатын. Мен олардың ешқайсысына келіскен жоқпын. Кейін тек «Хабар» арнасына ғана сұхбат беремін деп шештім. Себебі ел ішінде көптеген жалған ақпарат тарап жатты, соларға тоқтау салу керек болды. Сол сұхбат орыс тілінде жасалды. Өйткені Қазақстандағы ахуал жөнінде шынайы ақпаратты, ең алдымен, әлем жұртшылығына тарату керек еді. Содан кейін шетелдік ақпарат құралдары сұхбатты кеңінен таратып, барынша пайдаланды. Оны өзіңіз білесіз. Қалай десек те, орыс тілі – Біріккен Ұлттар Ұйымының алты ресми тілінің бірі. Оны мойындауымыз керек. Ал қазақ тіліндегі сұхбаттың өз аудиториясы бар. Жалпы, мемлекеттің мәселесін мемлекеттік тілде айтуымыз керек. Тіліміз бізден басқа ешкімге керегі жоқ. Сондықтан ең алдымен, өзіміз ана тілімізге құрмет көрсетуіміз керек деп ойлаймын.

– «Қаңтар қасіретіне» келейік. Жыл басындағы қанды оқиға, өкінішке қарай, көп адамның өмірін жалмады. Митингке шыққандардың бәрі лаңкес пе? Негізі, адамдар басында бейбіт шеруге шықты емес пе?

– Әрине, бастапқыда бейбіт шерулер болды. Мұны бәріміз көрдік. Еліміздің әр аймағында азаматтар алаңға жиналып, өз талаптарын айтты, тіпті наразылықтарын білдірді. Шынын айтсақ, әуелде ешқандай қирату, қылмыстық әрекеттер болған жоқ. Бірақ жағдай кейін мүлдем басқа арнаға бұрылып кетті. Арандатушылар мен қарақшылар пайда болды. Олардың шынайы мақсаты бейбіт митингке қатысу емес, билікке шабуыл жасау болды.

Бір сөзбен айтқанда, соңына қарай алаңға нағыз лаңкестер шықты. Бүлікшілер мыңдаған қару-жарақты ұрлап кетті. Қазіргі уақытта полиция оларды іздеп жатыр. Әзірге түгелдей табылған жоқ. Бұзақылар сол қарудан тағы да адам атуы әбден мүмкін. Сонда мұны кім істеді деген сұрақ туады? Кім жасады? Бейбіт шеруге шыққандар ма? Шын мәнінде, бұл – кәсіби қарақшылардың ісі.

– Сонда олар қайдан пайда болды?

– Мен осы сұраққа бірнеше рет жауап бердім. Мұның алдын ала жоспарланған әрекет екені анықталды. Арнайы дайындықтан өткен қылмыстық топтар, лаңкестер оқиғаның бел ортасында жүріп, қарақшыларды, құқық бұзушыларды басқарды. Әрине, бұзақы топтардың арасында бейбіт азаматтар да болды. Енді оларды, лаңкестерден, қарақшылардан бөліп алуымыз керек. Бұл – өте күрделі мәселе. Мұның бәрін тергеу жұмыстары анықтайды. Жалпы мына нәрсені дұрыс түсінуіміз керек. Алаңға шыққандардың бәрін түгел бейбіт шеруші деп айтуға болмайды. Бұл – ешқандай ақылға сыймайтын нәрсе. Көзі ашық, ары таза адам мұндай жалған тұжырымға ешқашан сенбейді. Ең алдымен, лаңкестер жағдайды ушықтырды. Олардың мақсаты – елдің тұтастығын бұзу, халықты қорқыту. Ал бейбіт шерушілер солардың қармағына түсті. Қазір сол кінәсіз азаматтардың құқығын қорғауымыз керек. Мен әрбір іс бойынша мұқият тергеу жүргізу керек деп айттым.

Адамдардың құқығын бұзған тұлғалар жазаға тартылады. Біз бұған қажетті шараның бәрін қабылдаймыз. Еш күмән болмасын.

– Сонда бұл оқиғаларды біз қалай сипаттауымыз керек? Бұл өзі төңкеріс пе, жоқ әлде билікке қарсы бейбіт шеру ме немесе басқаша ма? Қалай атаймыз?

– Бұл оқиғаны ел ішінде әртүрлі атап жүргенін білемін. Қалай болғанда да біз қаралы, қасіретті күндерді бастан өткердік. Оны мойындауымыз керек. Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде көптеген сынаққа тап болдық, оның бәрін ел болып еңсердік. Бірақ дәл осындай қарақшылардың қатыгез әрекетін көрген жоқпыз. Еліне, жеріне адал қызмет ететін, нағыз отаншыл азаматтар мұндай опасыздыққа бармайды. Бұл – анық нәрсе.

Ашығын айту керек, жағдайды өздерінің жеке мүддесіне пайдаланғысы келген адамдар төңкеріс жасауға талпынды. Француз тілінде осындай әрекетті coup d'etat деп айтады. Бұл – төңкеріс деген сөз. Елдігімізге, мемлекеттік тұтастығымызға, халқымыздың қауіпсіздігіне қарсы жасалған әрекет болды. Әрине, халыққа әлі де көп нәрсе түсініксіз. Қарапайым азаматтар өздерінің сүйікті қаласын өз қолымен қиратпайтыны белгілі. Қарақшылар, лаңкестер Алматыға сырттан келді. Мақсат белгілі: кісі өлтіру, қорқыту, дүкендерді тонау, әйелдерді зорлау, ақыр соңында билікті құлату.

– Олар билікке неге қарсы шықты?

– Мәселе мынада: төңкерісшілер елімізде қолға алынған реформаларға кедергі келтіруге тырысты. Тіпті Президентке де қарсы болды. Өзгерістер олардың мүдделеріне тиімді емес еді. Өйткені реформалардың басты мақсаты – әділетті қоғам орнату, монополияларды жою, саяси трансформация жасау, еліміздің экономикалық дамуын жеделдету. Халық та осыны талап етіп отыр. Сондықтан бағытымызды өзгертпейміз, реформалар міндетті түрде өз жалғасын табады.

– Сіз тергеу жұмыстарының жүріп жатқанына жаңа тоқталдыңыз. Дегенмен алдын ала тергеу нәтижелері жөнінде айта аласыз ба?

– Қазір өте ауқымды тергеу жұмыстары жүргізілуде. Бас прокуратура нақты ақпаратты жүйелі түрде жариялап жатыр. Қандай да бір нәтиже туралы айтуға әлі ерте. Бұл – өте күрделі мәселе. Қазір тергеу құпия түрде жүргізіліп жатыр. Өйткені бұл өте ерекше іс болғандықтан біраз уақыт керек. Көп ұзамай халқымызды мазалап отырған сұрақтарға міндетті түрде жауап беріледі. Бәрі де айтылады. Халықтан ештеңені жасырып қалмаймыз. Қазір тек мына нәрсені ғана айта аламын. Бұл біздің халқымыздың қауіпсіздігіне, еліміздің тұтастығына төнген қауіп болды.

– Адамдардың құқықтарының қорғалуына байланысты жаңа ғана өзіңіз айтып өттіңіз. Енді осыған тоқталайық. Күлбілтелемей бірден айтсақ, бұл – азаптау фактілері туралы. Өзіміз де көрдік. Әлеуметтік желілердегі видеоларды, жазбаларды сай-сүйегің сырқырап қарайсың. Әсіресе арқасына үтік басылған талдықорғандық Азамат Батырбаев деген жігітке қатысты. Осыдан хабардарсыз ба?

– Иә, бұл мәселе жөнінде жақсы білемін. Кейбір азаматтарымыз менің атыма бейнеүндеу жазып, әлеуметтік желілерде таратып жатыр. Мұны да біліп отырмын. Осыған байланысты мен Ішкі істер министрлігі мен Бас прокуратураға арнайы тапсырма бердім. «Шаш ал десе, бас алатын» әрекеттерге жол беруге болмайды. Қоғамдық комиссиялар өз жұмысына кірісіп кетті. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Эльвира Әзімова, белгілі құқық қорғаушылар: Айман Омарова, Жеміс Тұрмағамбетова, Абзал Құспан және басқа да заңгерлер жиналып, арнайы комиссиялар құрды. Олар әр істің заңдылығын қарап жатыр. Қоғамдық комиссияларға сенімсіздік көрсетуге ешқандай себеп те, хақымыз да жоқ. Билік те, құқық қорғау органдары да жұмыстарына араласпайды. Мен де араласпаймын.

Әрбір құқық бұзушылық дерегі бойынша шаралар қабылданады. Кінәлі адамдар жазаға тартылады. Мен үшін азаматтарымыздың құқығы аса маңызды. Әсіресе қазіргі таңда мұны ең маңызды мәселе деп айтуға болады. Әрбір іс бойынша әділ шешім шығару мен үшін негізгі принцип болып табылады.

2-БЕТТЕ

ХАЛЫҚ ҮНІ

ЕЛДЕН СҰРАҚ, ӘКІМНЕН ЖАУАП

Халық үніне құлақ асу – әкімнің міндеті. Ауылдың жайын бес саусағындай білуі тиіс әкім көп көкейіндегі мәселені біле ме екен? «Халық үні» айдары арқылы біз бұқараның базынасын билікке жеткізуді мақсат еттік. Бұл жолы қалаға қарасты Белкөл кенті әкімі Ардақ Ибраимовқа тұрғындардың сауалын қойдық.

3 БЕТТЕ

БІЗ СЕНІ ІЗДЕЙМІЗ

Бауырлар табысып, бөлелер танысты

Бүгінде «Хабар» арнасындағы «Бармысың, бауырым?» бағдарламасын білмейтін қазақ жоқ шығар. Тіпті одан шетелдегі туыстарын да ізеп тапқан жандар бар. Қашанда әке мен қызын, ана мен баласын, аға мен інісін табыстырған бағдарламаның шоқтығы биік. Осы бір әлеуметтік мәселені шешуге үлес қосу мақсатында «Ақмешіт апталығы» газетінен «Біз сені іздейміз» атты жаңа айдар ашылды. Басты мақсаты – бір-бірін іздеп жүрген жандарды табыстыру. Осыған орай сүйінші хабарымыз да бар.

4 БЕТТЕ

ЖАУЫНГЕРЛЕР ЕРЛІГІ – ЕЛ ЕСІНДЕ!



Отқа оранған ауыр жылдар. Батырлық сыналған қиын кезең. Биыл Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына тура 33 жыл толды. Қанды шайқаста қаза тапқан жауынгерлер ерлігі ұмытылмақ емес. Осынау айтулы күнде облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Ауған жерінде мерт болған жауынгерлерді еске алу митингісіне қатысты.

3 БЕТТЕ

Қайда көшіп барады?

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, екі ай ішінде елден 32209 адам көшкен. Ресми мәліметке сүйенсек, 2021 жылдың желтоқсаны мен 2022 жылдың қаңтар айында 32209 адам Қазақстаннан көшсе, елге көшіп келушілер саны – 10982 адам. Көші-қон айырымы – 21227 адамды құрайды.

Елдегі көші-қон ТМД елдерінің арасында жүруде. ТМД елдерінен келгендердің және сол елдерге кеткендердің жалпы санының үлесі 85,5 процент және 85,3 процентті құрайды.

Ел ішінде қоныс аудару өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 10,5 процентке азайған. Өңіраралық қоныс аудару елдің 4 аймағында жиі байқалады. Атап айтқанда, Нұр-Сұлтан қаласы (31906 адам), Алматы (29253), Шымкент (9774), Маңғыстау облысында (239).

«Ақмешіт-ақпарат»

#КүшімізБірлікте

CNN CNN CNN

РЕСЕЙ-УКРАИНА: БАЙДЕН КЕЛІССӨЗДЕРГЕ ДАЙЫН

Күллі әлем назары Ресей мен Украина шекарасындағы ахуалға ауғаны анық. Еуропалық одақ елдері Ресей соғыс бастаса Украинада көп адам шығыны болатынын, ал Мәскеу қатаң санкцияларға тап болатынын алға тартуда. Шекарадағы шиеленісті АҚШ президенті Джо Байден да назардан тыс қалдырмай, өз пікірін білдіріп жүр. Мемлекет басшыларының баяндамаларына орай әлемдік басылымдар да толассыз ақпарат таратуда. Мәселен, CNN арнасында Мэган Васкес пен Кейтлан Коллинстің «Байден Ресей мен Украина арасындағы шиеленісте дипломатиялық келісімге дайын екенін айтты» деген мақаласы жарық көрді.



Арна тілшілерінің хабарлауынша, бүкіл әлем Путиннің Украинаға басып кіру туралы бұйрық беретінін не бермейтінін күтіп отырғанда Байден дипломатиялық келісімге шақырған. Сондай-ақ АҚШ президенті бейсенбіде Ресей шабуыл жасаса халықаралық айыптауларға тап болатынын мәлімдеген.

Байден өз сөзінде АҚШ пен оның одақтас елдері ресейліктерге ешқандай зиян келтірмейтінін және Ресейдің әлі де болса дипломатиялық келісімге келу мүмкіндігі бар екенін алға тартқан.

– АҚШ пен НАТО Ресейге ешқандай қауіп төндірмейді. Украинадан Ресейге келер қауіп те жоқ. АҚШ-тың да, НАТО-ның да Украина жерінде ешқандай әскери зымыраны жоқ. Біздің ол жерге қару орналастыру туралы жоспарымыз да жоқ. Біз Ресей халқын көздеп отырған жоқпыз. Ресейді тұрақсыздандыру да біздің жоспарға енбейді. Ресей халқы, сендер бізге жау емессіндер! – деді Байден өз сөзінде.

Байден ресейліктердің Украинаға қарсы қантөгіс ұйымдастыратынына, тарихы мен мәдениеті тығыз байланысты ұлтпен қырғи-қабақ болғысы келетініне сенбейтінін айтты.

Өз сөзінде Байден екінші дүниежүзілік соғысты да еске алды: «Екінші дүниежүзілік соғыстың қажеттілігі болды. Ал Ресейдің Украинаға қарсы соғыс бастауы еш себепсіз. Бұл арандатушылық емес, бұл – шындық», – деді ол.

Америка президентінің пікірінше, егер жақын күндері ресейлік әскер Украина жеріне басып кіретін болса, Украина халық шығынына және Ресей стратегиялық шығынға тап болады. «Егер Ресей Украинаға басып кіретін болса, Мәскеу халықаралық айыптауларға тап болады. Әлем Ресейдің қажетсіз адам шығыны мен соғысты таңдағанын ұмытпайды. Украинаға басып кіру өз-өзіне зиян келтіру болып саналады», – деп ескертті Байден.

Байден дипломатияға қарсы еместігін де жасырған жоқ. Оның сөзінше дипломатиялық табысқа жету үшін барлық мүмкіндік берілуі керек және әлем қауіпсіздігін шешудің нақты жолдары да жоқ емес.

Америка президенті қару-жарақты бақылаудың, ашықтық саясатының жаңа шаралары мен стратегиялық тұрақтылықты ұсынуда. Ол сондай-ақ бұл шаралар НАТО-ға да, Ресейге де қатысты екенін айтты.

– Біз ортақ қауіпсіздігімізді арттыратын, нақты нәтижеге бағытталған қадам жасауға дайынбыз. Алайда бұл қадамды жасау алдында біз өзіміздің ұстанымымыздан аттамайтынымызды назарда ұстаған жөн. Әр ұлттың егемендік және тұтастық құқы бар. Олар қай бағытта жүретінін және кіммен серіктес болатынын өздері біледі. Бұл, біздің ойымызша, барлық тарапқа ең тиімді шешім, – деді ол.

Байден келісімге келу үшін барлық шараны жасағанмен ресейлік әскердің қауіпсіз екенін мойындаған жоқ. «Біз ресейлік әскердің өз бөлімдеріне қайтқанын растаған жоқпыз. Себебі біздің сарапшылар жағдай әлі де қауіпті екенін дәлелдеп отыр», – деп ол Украина мен Беларусь жерінде, шекараға жақын жерде Ресейдің 150 мыңға жуық әскері жүр деген тұжырымдамасынан әлі бас тартпағанын білдірді.

Жалпы ресейлік әскердің шекараға жақын жерде көптеп шоғырлануы әлем назарын аударып, барлығы қарулы қақтығыстың басталғанын күтіп отырғаны жасырын емес. Әрине, ешкім соғыстың болғанын қаламайды, алайда еуропалық елдер Ресейдің әрекеттері түбінде соған алып келеді деп болжауда. Дегенмен Ресейдің қорғаныс министрі оның Украинамен көршілес орналасқан оңтүстік және батыс өлкедегі әскерлері қазіргі таңда өз аймақтарына оралып жатқанын мәлімдеді. Ресей әскерлерінің өз базасына кері қайтқанын мәлімдегенмен кейбір ауқымды оқу-жаттығулар әлі жалғасып жатқанын жасырған жоқ.

Байден болса өз кезегінде «Ресей Украина жеріндегі американдықтарға қандай да бір зиянын тигізер болса Америка оған қарсы күш қолданатынын ескертемін. Егер Ресей АҚШ немесе оның одақтас елдерінің компанияларына, маңызды инфрақұрылымына деструктивті кибершабуыл секілді әдіс қолданса біз жауап беруге дайынбыз», – деді.

Жалпы өткен аптада Байденнің ұлттық қауіпсіздік жөніндегі кеңесшісі Джейк Салливан көпшілік алдында Ресейдің жақын күндері Украина жеріне басып кіретінін ескерткен болатын. Ол CNN арнасының «Елдегі ахуал» атты бағдарламасына берген сұхбатында «Біз нақты қашан болатынын білмейміз, бірақ жақын арада, олимпиада ойындары біткенше Ресей Украинаға басып кіреді», – деп мәлімдеді.

Алайда Джо Байден әлі де болса Ресейді райынан қайтаруға тырысып, мәселені соғыссыз шешуге шақыруда. Мәскеу де өз кезегінде ешқандай басып кіру жоспары жоқ екенін, әскерилер өз оқу-жаттығу жұмыстарын жасап жүргенін алға тартып келеді. Батыс басып кіретініне сенімді болса, Ресей батыстың бұл тұжырымын жоққа шығарып әлек. Ал шекарадағы шиеленіс туралы нақты деректі «The Wall Street Journal» басылымының тілшілері «НАТО басшысы Ресей әлі де әскерін Украинаға жақын жерге жинап жатқанын мәлімдеді» атты мақалада жазды.

4 БЕТТЕ

ЖАҢА АЙДАР

Біздің бір ғана Отанымыз бар, ол – Қазақстан

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Qazaqstan» ұлттық арнасына берген сұхбаты

– Ал бұзақыларға қатысты қандай іс-шаралар қабылданады?

– Бұзақылар туралы мәселеге келсек, кейбір адамдар жазықсыз азаматтарды еш себепсіз қамауға алды деп ойлайды да, осындай жалған ұрандарды ел ішінде таратады. Бірақ мынаны ұмытпауымыз керек: олардың ішінде лаңкестер де, қылмыскерлер де бар. Қараңызшы, мыңдаған адам қаланы қиратып, нағыз террористік әрекеттерге барды. Бірақ қазір бәрі жай ғана бейбіт азаматтар болып шықты. Бұған кім сенеді? Жалпы, лаңкестерді, қарақшыларды халық қаһармандары, батырлары деп айтуға болмайды. Бұл – ешқандай шындыққа келмейтін жалған уәж. Егер біз ақиқатына көз жеткізбей, олардың айтқанына сенетін болсақ, елімізге тағы бір үлкен қауіп төндіреміз. Бұл – қарақшыларды Қазақстанға шақыру деген сөз. Сондықтан аталған мәселеде біз өте сақ болуымыз керек. Әрбір іс бойынша мұқият тергеу жүргізуіміз қажет.

– Ресейдегі бірқатар сарапшы елімізде болған оқиғаға қатысты «Төңкерісшілердің мақсаты Президент Қасым-Жомарт Тоқаевты Қазақстаннан қуып шығу немесе тұтқынға алу» деген болжам жасады. Сол рас па? Бірақ Сіз олардың жоспарын жоққа шығардыңыз. Осыған байланысты Өзіңіз қандай нақты түсініктеме берер едіңіз?

– Бәлкім, бұл Ресейдің барлау қызметінің көзқарасы шығар. Бұл рас та болуы мүмкін. Олар біздің еліміздегі оқиғаларды мұқият бақылап отырады ғой. Қалай десек те, арнайы жасақталған қарулы бандалар билікті басып алғысы келді. Сондықтан шетелдік сарапшылар айтқан пікірдің жаны бар деп ойлаймын. Дегенмен барлығына байыппен қарап, салмақты баға беру қажет. «Сабыр түбі – сары алтын» деп халқымыз бекер айтпаған. Бізге керегі – асығыс шешім шығарып, істі жауып тастау емес, міндетті түрде ақиқатқа көз жеткізу. Бұл – менің алдыма қойған мақсатым.

– Сіз Владимир Путинге қоңырау шалып, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының әскерін Қазақстанға шақырдыңыз. Бұл еліміздің дербестігін, егемендігін Ресейге телу деген сөз емес пе? Соларды шақырмаса болмайтын ба еді өзі? Қазір осы шешіміңізге өкінбейсіз бе?

– Өкінбеймін. Бұл – ешқандай да өкіндіретін шешім емес. Керісінше дұрыс шешім болды деп ойлаймын. Өйткені қарулы қарақшылар Алматыны қиратып, өзге қалаларға қауіп төндірді. Осы қарулы контингент болмаса, лаңкестер басқа да қалаларды басып алар еді. Қарулы шайқастар Талдықорғанда, Таразда, Шымкентте, Қызылордада орын алды. Елордада лаңкестердің дайындық жұмыстары байқалды, олар тіпті Ақордаға шабуыл жасауға дайын болды.

Кейбір беделді сарапшылардың айтуынша, лаңкестер Қазақстанның басты екі қаласын басып алуды жоспарлаған. Бұл – Сириядағы сценарийге ұқсас жоспар. Сол елде лаңкестер Дамаск пен Ракканы басып алуға әрекеттенген еді.

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының әскерлері біздің елде бірде-бір оқ атқан жоқ. Оны ашық айту керек. Олар тек негізгі стратегиялық нысандарды күзетіп тұрды. Осы кезде біздің күштік құрылымдар іске кірісіп, қарулы лаңкестерге тосқауыл қойды. Арамызда тек тығыз байланыс пен үйлесім болды.

Ал енді «Путинге қарыз боп қалдық» дегенге келсек, бұл – бос әңгіме. Оны доғару керек. Біріншіден, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының контингенті В.Путиннің немесе Ресейдің жеке әскері емес. Бұл ұйымның әскери құрамы оған мүше елдердің бәріне ортақ. Онда Ресейден бөлек, Беларусь, Армения, Тәжікстан және Қырғызстанның әскери бөлімдері бар. Қазақстан да – осы ұйымның толыққанды мүшесі әрі негізін қалаушысы. Сондықтан бәрі – заңды, қисынды.

Ресейге келсек, бұл алпауыт ел өзінің геосаяси мүддесін де қорғады. Қазақстанның тұрақтылығы Ресейге өте қажет. Мұны дұрыс түсінуіміз керек. Қазақстан мен Ресей – стратегиялық серіктестер. Арамызда шынайы достық пен өзара сенім болуы керек. Басқа саясат ұстансақ, екі елдің стратегиялық мүддесіне нұқсан келтіреміз. Жалпы біз ешкімге ештеңе де қарыз емеспіз. Қазақстан – егемен мемлекет. Сондықтан саясатымыз да дербес.

– Сонда да көрші елдің кейбір журналистері «Ресей Қазақстанды құтқарды» деп жазып жүр...

– Жаңа ғана айтып өттім, Ресей – Қазақстанға жақын орналасқан серіктес мемлекет. Осындай жағдайда оның бізге көмекке келуі айтпаса да түсінікті. Мұны құтқару емес, ортақ мүддемізді қорғау үшін жасалған іс-әрекет деп түсінуге болады. Бұл – бір. Екіншіден, аталған мәселеге геосаяси ахуал тұрғысынан да қарау керек. Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы – бәрімізге ортақ құрылым. Ресей және Ұйымға мүше мемлекеттер Қазақстанның ғана емес, өздерінің де қауіпсіздігін ойлады. Сол үшін көмек қолын созды.

– Жалпы Қазақстанның Ресеймен қарым-қатынасы қандай болуы керек? «Мәскеу біздің жерімізге көз алартып жүр, солтүстік облыстарды тартып алады» деген пікірлер де айтылады...

Басы 1-бетте

– Бірінші сұрағыңызға қатысты айтар болсам, Қазақстан мен Ресей арасында мәңгі тату көршілік туралы келісім бар. Ресей – ғасырлар бойы қатар өмір сүріп келе жатқан құдайы көршіміздің бірі. Қазақтың тағдырына осылай жазылған. Мұны біз өзгерте алмаймыз. Саяси, сауда-экономикалық және мәдени байланыстарды нығайта беруіміз керек. Бұл, ең алдымен, Қазақстанның стратегиялық мүддесіне сай келеді.

Екінші мәселе. Иә, расында да, кейбір ресейлік саясаткерлер тарапынан «Қазақстанның солтүстік облыстарындағы жерлер біздікі» деген сөздер айтылды. Бірден кесіп айтайын. Бұл – ақылға сыймайтын, орынсыз пікір. Ресми билік, яғни Кремль, әрине, бұл уәжді қолдамайды.

Екі елдің басшылығы арасында жер мәселесіне қатысты ешқашан дау туындаған емес. Маған В.Путиннің өзі «жерге қатысты ешқашан мәселе көтермейміз» деп айтқан. Сондықтан алаңдайтын ешнәрсе жоқ. Шекарамыз толық айқындалған, бекітілген. Бұл ақиқатты бүкіл әлем мойындайды. Екі елдің арасындағы байланыстарға сызат түспеген. Ресей Президенті осындай қағидаттарға адалдығын, беріктігін көрсетті.

– Түсінікті. Енді «Қаңтар қасіретіне» қайта оралсақ, халықтың көбі Тұңғыш Президентке және оның отбасына қатысты наразылығын білдірді, тіпті ашу-ызаға толы пікірлер айтылды. Себеп белгілі. Сіз өзіңіз Мемлекет басшысы ретінде осы жағдайдан қандай сабақ алдыңыз?

– Мәселеге жан-жақты қарайтын болсақ, халық наразылығының астарында өткір әлеуметтік мәселе жатыр. Халықтың көбінің әлеуметтік жағдайы төмен. Бұл – ақиқат. Мемлекеттің тұтас байлығы аз ғана топтың қолында. Теңсіздік белең алуда. Наразылықтың түп-тамыры осыдан басталды. Бұл мәселе туралы мен Парламентте, басқа да жиындарда айттым.

Өкініштісі, азаматтардың наразылығын лаңкестер мен қылмыскерлер пайдаланып кетті. Бұған бәріміз куә болдық. Расында, әлеуметтік желіде Тұңғыш Президентіміз туралы әртүрлі ойлар айтылып, жазылып жатыр. Қанша адам болса, сонша пікір болады.

Мен Мемлекет басшысы ретінде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 30 жылдық еңбегін жоққа шығаруға болмайды деп ойлаймын. Тарихқа қиянат жасамау керек. Нұрсұлтан Назарбаев – мемлекетіміздің іргесін қалаған, мемлекеттігімізді нығайтуға зор үлес қосқан тұлға. Оның қызметіне әділ баға беруге міндеттіміз. Тұңғыш Президенттің кемшіліктері болса, одан жас басшылар сабақ алуы қажет. Қаңтар оқиғасы елімізге де, менің өзіме де үлкен сабақ болғаны сөзсіз. Тиісті қорытынды жасалды. Қазір елімізде қабылданып жатқан саяси шешімдер − соның нәтижесі. Алдымызда өте көп жұмыс бар. Мұны барлығы көріп, біліп отыр деп ойлаймын.

– Иә, соңғы кездері көптеген ауыс-түйіс болды. Соның ішінде Ерболат Досаевты Алматы қаласының әкімі етіп тағайындаған шешіміңізге наразы тұрғындар митингке шықты. Бұл шешімді қайта қарау ойыңызда бар ма?

– Ондай ойым жоқ. Алматы – еліміздегі ең ірі, ерекше шаһар. Қаланың ахуалы, тұрғындардың әл-ауқаты менің жеке назарымда. Қаңтар оқиғасы кезінде қаланың экономикасы зардап шекті. Азаматтардың және бизнес иелерінің дүние-мүлкі тоналды. Көптеген нысан өртелді, қиратылды. Соның бәрін қалпына келтіру керек. Бұл – оңай шаруа емес. Сондықтан осындай жауапты жұмыс жаңа әкім Ерболат Досаевқа жүктелді, қолынан келеді деп үміттенемін. Себебі оның бизнес саласында, мемлекеттік қызметте тәжірибесі мол. Іскер, еңбекқор адам. Жұмыс істеуіне мүмкіндік берген жөн деп ойлаймын.

– Осы сияқты басқа да біраз кадрлық өзгерістер болып жатыр. Бірақ әкімдердің басым көпшілігі әлі орнында отыр. Олардың жағдайы қалай болмақ? Алдағы уақытта облыс әкімдері сайлана ма?

– Жалпы айтқанда, кадрлық ауыс-түйіс – үздіксіз жалғаса беретін үдеріс. Лауазым мәңгілік дүние емес. Жұмыстың жаңа талабына икемделе алмаған адамдар қызметтен кетуге мәжбүр болады. Олардың орнын жаңа кадрлар басады. Әкімнің бәрін ауыстыру менің негізгі мақсатым емес. Әкімдердің жұмысына жан-жақты талдау жасалады. Негізгі талап – азаматтардың әл-ауқатын арттыру. Сондықтан қажеттілік болса, тиісті кадрлық шешімдерді қабылдаймын. Міндетті түрде өзгерістер болады.

Мен 2020 жылы халыққа Жолдауымда алғаш рет ауыл әкімдерін сайлау туралы айттым. Көп ұзамай ауыл әкімдерін сайладық. Былтырғы Жолдауымда «Келесі қадам – аудан әкімдерінің сайлауы» деп айттым. Оны 2024 жылы өткіземіз. Бәлкім, пилоттық жоба ретінде келесі жылдан бастасақ, орынды болар.

– «Жаңа Қазақстанды» құрамыз деп отырмыз. Бірақ бұрынғы жүйеде жұмыс істеген адамдар қызметке қайта тағайындалып жатыр. Жұрт «ескі мамандармен жаңа Қазақстанды қалай құрамыз?» дейді. Бұл туралы не айтар едіңіз?

– Негізі, кадр мәселесі өте күрделі әрі аса маңызды. Расында, көп нәрсе білікті кадрларға байланысты. Менің бастамам бойынша Президенттік жастар кадрлық резерві құрылды. Кадрлық резервке өткен азаматтар біртіндеп жауапты қызметке тағайындалып жатыр. Әрине, мұнымен шектелуге болмайды. Басқа да адамдарға жол ашуымыз керек.

Жалпы мемлекеттік қызметшілерге қойылатын талап өте жоғары болуға тиіс. Кез келген адам бірден министр немесе әкім бола салмайды. Ол анық нәрсе. Біраз уақыт, мол тәжірибе керек. Ондай лауазымға білімді, білікті, қызметіне адал азаматтарды тағайындаған жөн. Бұрынғы мамандардың бәрін жұмыстан шығару дұрыс болмас еді. Орысша «политическая чистка», яғни «саяси тазалауға» барудың қажеті жоқ. Мемлекеттік басқару саласына бірте-бірте жаңа мамандар келеді. Келіп те жатыр. Бұл – қалыпты үдеріс. Бірақ бір нәрсені есте ұстаған жөн. Мемлекеттік қызмет – эксперимент алаңы емес! Сондықтан бұл жұмысты бірте-бірте жүргіземіз.

– Алдыңғы сұхбатыңызда Сіз елімізде кадр тапшылығы бар екенін айттыңыз. Шын мәнінде, көптеген білікті мамандарымыз шетелде жүр. Білім қуып, кәсіп іздеп кеткендер де бар. Шетелдегі отандастарымызды Қазақстанға шақыру ойыңызда бар ма? Жалпы бұл іске асуы мүмкін дүние ме?

– Расында, шетелде жүрген білікті мамандарымыз аз емес. Бұл үшін ешкімді айыптауға болмайды. Қазір – жаһандану заманы. Адам қай жерде сұранысқа ие болса, сол жерге барып жұмыс істеуге қақы бар. Оған ешкім кедергі жасамайды. Біз өз саласында табысқа жеткен азаматтарды бұған дейін де шақырғанбыз. Елге қайтып келген отандастарымыз да бар. Бірақ шындығын айтуымыз керек, елімізге білімі жоғары, парасатты адамдар керек. Жалпы адами капитал жоғары болуы қажет. Жалпақ тілмен айтсақ, Отанымызға келген адамдардың сапасы неғұрлым жоғары болса, елімізге соғұрлым тиімді болады.

Жалпы бәріміз еңбекқорлықтың, біліктіліктің идеологиясын көтеруіміз керек. Ұлтымыз дүние жүзінде, ең алдымен, еңбекқор, жұмысқа адал ұлт ретінде мойындалатын болса, бұл экономикамызға оң әсер етеді. Масылдықтан, жалқаулықтан алшақ болуымыз қажет. Сонда ғана Жаңа Қазақстан тұжырымдамасы іске асады. Меніңше, біз бұрын үлкен идеологиялық қателік жібердік. Шетелге, яғни Орталық Азиядан Ресейге кеткен жұмысшыларға күліп, «Қараңыздар, олар қара жұмыспен айналысуға мәжбүр болды, ал бізге келгенде, бірде-бір қазақ шетелде жұмыс істемейді, жайбарақат жүрміз» деп қатты мақтандық. Кез келген еңбекті жоғары бағалау қажет, солай емес пе? Бүгінгі күні Орталық Азиядағы жұмысшылар Ресейде еңбек етіп, күн көріп жатыр. Ал біздікілер еңбек бәсекесіне шыдай алмайтын болды. Өкінішке қарай, бұл – «сырьевое проклятье», яғни «шикізатқа тәуелді болудың» салдары.

– Тағы бір маңызды дүниеге назар аударсам деймін. Сіз «мемлекет ақпараттық соғыста жеңілді» дедіңіз. Елдегі журналистика деңгейіне көңілі толмайтындар көп. Мұның бір себебі, ақпарат құралдарына мемлекет қатаң бақылау жасайды дейді олар. Біз демократиялық қоғам құрамыз десек, БАҚ саласын шын мәнінде «төртінші билік» деңгейіне көтеруіміз керек емес пе? Осы туралы ойыңызды ортаға салсаңыз.

– Жалпы қазақ журналистикасының деңгейі төмен деп айтуға болмайды. Керісінше қазақ журналистикасының деңгейі жоғары екені күмәнсіз. Қаңтар оқиғалары кезінде ақпараттық вакуум болды. Оны кәсіби тұрғыда дайындалған лаңкестер, қылмыскерлер өз мүддесіне пайдаланды. Интернетті бұғаттауға мәжбүр болдық. Бұл – әлемдік практика. Бірақ басқа да ақпарат құралдарымыз бар ғой. Содырлар кейбір теле-радио арналардың ғимаратын өртеп, қиратты. Одан басқа ақпарат құралдары үздіксіз хабар таратты. Ешқандай шектеу болған жоқ.

Ал баспасөз бостандығына келсек, бізде заң бойынша цензура жоқ. Ақпарат еркіндігін барынша қамтамасыз етіп жатырмыз. Бірақ еркіндік деген ойыңа не келсе, соны айту емес. Кез келген демократиялық елдерде жалған ақпарат таратқан адам жауапқа тартылады. Мен әрбір журналист, ең алдымен, мемлекетшіл азамат болуы керек деп санаймын. Осы орайда Н.Некрасовтың: «Ақын болу шарт емес, азамат болу – міндетің» деген қанатты сөзі бар. Сондықтан әрқайсысымыз еліміздің патриоты болуға тиіспіз.

Қазақтың «Айтылған сөз – атылған оқ» деген даналығы бар. Осы ретте, өкінішке қарай, кейбір журналистер жалған ақпарат таратып, елдің мүддесіне қарсы жұмыс істейді. Қазіргі заманда блогерлер көбейіп кетті. Олардың кейбір әрекеттері кері әсер етеді. Бір блогерлер жақсы жазады. Ал екінші біреулері мәселенің байыбына бармай, зерттемей, үстірт қарайды. Дегенмен азаматтарымыз ақ пен қараны ажырата алады деп ойлаймын. Расында, «ақпараттық соғыс» бүкіл әлемде болып жатқан үрдіс. Сондықтан біз де оған бейімделуіміз керек.

– Сіз осы күзде саяси реформалар ұсынатыныңызды айттыңыз. Жоспарыңыз сол қалпында ма? Түбегейлі өзгерістер күтуге бола ма?

– Қандай түбегейлі өзгерістер болатынын қазір айта алмаймын. Бірақ біраз өзгеріс болады. Бұл туралы Мәжілісте сөйлеген сөзімде айттым. Мен бастапқыда жаңа саяси реформаларды күзде жариялаймын деп ойлағам, бірақ саяси реформаларды наурыздың ортасында халыққа Жолдауымда ұсынатын болдым. Қазіргі таңда жұрт реформаларды зор үмітпен күтіп отырғанын білемін. Сондықтан «Жаңа Қазақстанды бірге құрайық» деп үндеу жолдадым. Онда айтылған мәселелерді көпшілік қолдап отыр.

Жалпы, кез келген қиындықтың артында үлкен мүмкіндіктер тұр. Қытай тіліндегі «дағдарыс» деген сөздің «жаңа мүмкіндіктер» деген мағынасы бар. Осы ретте біз де күш-қуатымызды Отанымызды өркендетуге жұмсайық.

Әрине, азаматтық қоғаммен, дербес сарапшылармен ауқымды диалог жүргізу керек. Өйткені халықтың пікірі өте маңызды. Мен «Адамдар мемлекет үшін емес, мемлекет адамдар үшін» деген ұстанымды жарияладым. Осыған байланысты Үкіметке тиісті ұсыныстар дайындауды тапсырдым.

– Соңғы кезде олигополия деген терминді көп пайдаланып жүрсіз. Оны көпшілік әлі түсіне қойған жоқ. Дүйім жұрттың бәрі оны толығымен түсінеді деп айту қиын. Түптеп келгенде, бұл сөздің мағынасы неде? Соны айтыңызшы?

– Олигополия – бұл экономика саласындағы саны шектеулі адамдардың үстемдігі деген сөз. Бізде осындай үрдіс белең алуда, көпшілік, әсіресе, кәсіпкерлер оны жақсы біледі. Бұл шынайы бәсекеге, жалпы айтсақ, әділеттілікке кедергі болып отыр. Осы мәселені шешпесек, экономикамыз дамымайды, ішкі саяси ахуал мүлдем нашарлап кетеді. Сондықтан менің басты мақсатым – экономикада болсын, саясатта болсын, монополияны мейлінше жою. Одан біржола құтылған жөн. Бұл, әрине, оңай емес, бірақ міндетті түрде осы жұмысқа кірісуіміз керек. Басқа жол жоқ.

– Сіздің пікіріңізше, бүгінгі қоғамымыздың алдында тұрған ең маңызды мәселе қандай?

– Қоғамдағы ең маңызды мәселе – заң үстемдігін қамтамасыз ету. Өкінішке қарай, заңды мойындағысы келмейтін азаматтар аз емес. Басқаша айтсақ, құқықтық нигилизм белең алуда. Ағаларымыз «Тәртіпсіз ел болмайды» деп баяғыда айтқан болатын. Менің ұстанымым: қоғамда заң мен тәртіп болса ғана, ел ішінде үйлесім, бейбіт өмір болады. Заң – кез келген өркениетті қоғамның басты өлшемі. Заң үстемдік құрғанда ғана әділетті қоғам қалыптасады. Біз міндетті түрде бұған қол жеткізуіміз керек. Бұл – менің нақты ұстанымым.

– Сіз Үкіметтің отырысында шетелге заңсыз шығарылған қаражатты Отанымызға қайта әкелу керек деп тапсырма бердіңіз. Бұл тапсырма қашан орындалады? Соның мерзімдері туралы айта аласыз ба?

– Мен Үкіметке тиісті тапсырма бердім. Бұл мәселе бойынша Үкімет екі айдан кейін маған нақты ұсыныстарын айтады. Содан кейін жұмыс басталады. Аталған мәселе бойынша ауқымды сараптама жасау керек. Онсыз болмайды. Содан кейін шетелдегі тиісті мекемелермен келіссөздер жүргізуге кірісеміз. Бұл өте күрделі әрі ұзақ уақытқа созылатын жұмыс болатын сияқты. Оны ашық айтқан жөн. Бірақ әділдікке жету үшін осы жұмысты бастау керек. Шетелге заңсыз шығарылған қаражатты елге қайтаруға тиіспіз.

– Сіз екі мерзім ғана Президент қызметін атқаруыңыз мүмкін екенін айттыңыз. Олай болса, келесі сайлауға қатысатыныңыз анық қой?

– Бұл мәселе Конституциямызда жазылған. Президентке екі мерзім берілген. Оны бұзуға болмайды. Наурыздағы Жолдауымда, мүмкін, осы маңызды мәселе жөнінде өз пікірімді айтармын. Ал бірақ қазір сайлауға барамын ба, бармаймын ба, оны айта алмаймын.

– Сіздің ойыңызша, Қазақстанның болашағы қалай болады? Кешегі оқиғалардан кейін көпшілігімізге «Егемендігімізді сақтап қала аламыз ба?» деген ой келгені рас...

– Біздің халқымыз талай «тар жол, тайғақ кешуді», қилы заманды басынан өткерген. Қиындықтың бәрін жеңген. Кешегі қасіретті оқиға кезінде халқымыз бірлігін көрсетті. Осы құндылықты келешек ұрпаққа аманат етуіміз керек.

Қазақстанның болашағы жарқын болатыны сөзсіз. Мен бұған қәміл сенемін. Біздің бір ғана Отанымыз бар. Басқа Отанымыз жоқ. Болмайды да. Еліміздің Тәуелсіздігі бәрінен қымбат. Бұл – аксиома, ақиқат. Оны көздің қарашығындай сақтау – ортақ парызымыз.

Ал егемен ел дегеніміз қандай ел? Бұл – әлемдік үдеріске бейімделген біртұтас халық. Дербестігін жалаң сөзбен немесе ұранмен емес, нақты іспен дәлелдей білген ел. Демек, «Егемендікті сақтап қаламыз ба?» деген күмәнді ой ешкімде болмауы керек. Ол қисынсыз тұжырым, қисынсыз сөз. Керісінше, әрқайсысымыз «Тәуелсіздігімізді қалай бекем ұстап қаламыз?» деп ойлануға тиіспіз.

Тілімізге келсек, оны да сақтап қаламыз. Басқаша болмайды, себебі тарихымыздағы ең күрделі кезеңдерде біз тіліміз көзі ашық ағаларымыздың, қарапайым халқымыздың арқасында аман қалдық. Дегенмен тіл реформасын жасауымыз керек. Мәселе латын графикасына жедел түрде көшуде емес. Бұл іске байыппен қараған жөн. Сараптама жасалуға тиіс. Қисынсыз нәрсенің пайдасы жоқ. Әсіресе тілге келгенде, асығыстық танытуға болмайды. Себебі бұл өте нәзік дүние.

– Жұртымыздың қандай жақсы қасиеттерді бойға сіңіргенін қалар едіңіз?

– Бұл туралы мен жаңа да айттым. Дегенмен бұл – өте маңызды мәселе, сондықтан қайталап айтайын. Біз қоғамда еңбекқорлық идеясын орнықтыруымыз керек. Турасын айтайық, бұл қазір ең өзекті мәселе болып тұр. Азаматтарымыз адал еңбекпен табыс табуды ең басты, орынға қоюы қажет. Бақуатты ел болу биліктің жұмысына ғана емес, ол ең алдымен, әрбір азаматтың еңбегіне байланысты. Елдің тұрмысын құрғақ сөзбен емес, нақты іспен көтеру керек. Біздің жастарымыз осыны айқын ұғынса деймін. Елімізде белгілі теріс факторларға қарамастан, тиімді, пайдалы жұмыс атқаратын мүмкіндіктер аз емес. Жақсы мен жаман туралы ұлы Абайдан асырып ешкім айта алмас. Сондай-ақ ойшыл ақынның «талап, еңбек, терең ой, қанағат және рақым» деген даналығының да мәні зор. Бұл қағида бізге, әсіресе осы заманда ауадай қажет.

– Қасым-Жомарт Кемелұлы, Сіз күнделікті қандай ақпарат көздерін пайдаланасыз? Теледидар, мерзімді басылым, әлеуметтік желілер...

– Мерзімді баспасөзді үзбей қараймын. Бұл – менің бұрыннан қалыптасқан дағдым. «Егемен Қазақстан», «Айқын», «Астана ақшамы» газеттерін оқимын. «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті», «Жас қазақ», «Түркістан» газеттерін де міндетті түрде оқып тұрамын. Жалпы мен көп оқитын адаммын. Жақсы мақала немесе сұхбат көрсем, астын сызып оқуға тырысамын. Өзекті мәселе байқасам, оған қатысты нақты тапсырма беремін. Әлеуметтік желідегі өткір жазбаларды да үнемі шолып отырамын. Ал теледидардан жаңалықтар мен сараптамалық бағдарламаларды көремін.

– Қасым-Жомарт Кемелұлы, Сіздің «Әке туралы ой-толғау» кітабыңыздың желісі бойынша бір продюсерлік орталық кино түсіргелі жатыр екен. Осыған қатысты не айтасыз?

– Менің кітабымдағы оқиғалардың негізінде кино түсіргелі жатқанын оқыдым. Бұл туралы ешкімге ешқандай тапсырма берген жоқпын. Бермеймін де. Мұндайды қаламаймын. Бірақ өзім жазған «Әке туралы ой-толғау» кітабынан бас тартпаймын, мазмұнды туынды деп есептеймін. Себебі жастарға да пайдалы дүние. Бұл – менің әке-шеше алдындағы перзенттік борышым.

– Шығармашылығыңызға қатысты тағы бір сұрақ. Сіз негізінен, дипломатия, сыртқы саясат туралы бірнеше кітап жаздыңыз. Солардың ішінде Елбасының тұлғасына арналған «Ол тарихты жасап жатыр» деген туындыңыз бар. Қазіргі таңда сол кітапты жазғаныңызға өкінбейсіз бе? Бұдан басқа, жаңа кітаптар жазу жоспарыңызда бар ма?

– Өкінбеймін. Тұңғыш Президентіміздің еңбегі туралы кітапқа келсек, қазақта «Өткен іске өкінбе» деген сөз бар. Мен көптеген оқиғаға куә болған адаммын. Сондықтан қағазға түсіргенді жөн көрдім. Оқырмандардың пікірінше, кітаптарым жоғары деңгейде жазылған. Мысалы, әлі күнге дейін студенттер менің кітаптарымнан қажетті мағлұматын алып, пайдаланып жүр.

Жоспар туралы айтсақ, кейбір ойларымды түртіп қойып, күнделік жазатыным бар. Мүмкін, болашақта қажет болар. Келешекте қазіргі өміріміз туралы ауқымды кітап жазу ойымда бар. Амандық болса жазамын.

– Жақында Сіз Тұңғыш Президент туралы заңға енгізілген өзгертулерге қол қойдыңыз. Яғни Елбасының бірқатар өкілеттілігі сол заңмен тоқтатылды. Онда Қауіпсіздік Кеңесі мен Қазақстан халқы Ассамблеясын өмір бойы басқару және басқа да баптар бар. Жалпы осы мәселеге Өзіңіздің көзқарасыңыз қандай?

– Бұл – түсінікті нәрсе. Бұрын осындай заңдар қабылданды, қазіргі таңда олардың қажеттілігі шамалы. Оны ашық айту керек. Келешекте осындай заңдар қабылдаудың қажеті жоқ деп есептеймін. Бұрынғы олқылықтар болса да бұл – біздің тарихымыз. Бәріміз тарихтан сабақ алуымыз керек. Біздің мақсатымыз – еліміздің болашағы, өскелең ұрпақтың қамы туралы ойлау. Басқа сөз жоқ.

– Қасым-Жомарт Кемелұлы, бүгін арнамызға уақытыңызды бөліп, берген сұхбатыңыз үшін Сізге рахметімді айтқым келеді. Сұхбат соңында көрермендерге, жұртшылыққа не айтасыз?

– Расында, бүгін жақсы, мазмұнды сұхбат болды деп ойлаймын. Халыққа айтарым, бұл дүниеде қазақтардың тағдырын тек өзіміз ғана шешеміз. Біз үшін жалғыз ғана мемлекет бар, ол – Қазақстан. Бұл – біздің қасиетті Отанымыз. Басқа Отанымыз жоқ. Отанын қорғау, халқының амандығын сақтау – әр азаматтың борышы. Осыны ұмытпауымыз керек. Қазақ елі жасай берсін!

– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, сұхбат бергеніңіз үшін тағы да рахмет айтамын.

Әңгімелескен
Жайна СЛАМБЕК,
журналист

КӨПТІҢ КӨКЕЙІНДЕГІ СҰРАҚТАР ҚОЙЫЛДЫ

Бейсенбі күні мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұлттық арнаға берген сұхбатын тыңдадым. «Қасіретті қаңтар» оқиғасы кезінде орын алған елдегі ахуал турасында да жан-жақты сараптап берді. Бейбіт шеруге шыққан қарапайым тұрғындар мен бүлікші топтың аражігін ажырату күрделі мәселе екенін, алайда ақ пен қараның анықталары ашық айтылды. Бұл халықтың көңіліне қонымды сөз болды деп ойлаймын.

Одан бөлек Қазақстанның Ресеймен арақатынасы жайы да ашық айтылып, ел көкейінде жүрген сұраққа нүкте қойылды.

Президент бұл тұрғыдағы сауалға былай жауап берді:

«Иә, расында да, кейбір ресейлік саясаткерлер тарапынан «Қазақстанның солтүстік облыстарындағы жерлер біздікі» деген сөздер айтылды. Бірден кесіп айтайын. Бұл – ақылға сыймайтын, орынсыз пікір. Екі елдің басшылығы арасында жер мәселесіне қатысты ешқашан дау туындаған емес. Маған Путиннің өзі «жерге қатысты ешқашан мәселе көтермейміз» деп айтқан. Сондықтан алаңдайтын ешнәрсе жоқ. Шекарамыз толық айқындалған, бекітілген. Бұл ақиқатты бүкіл әлем мойындайды» – деді.

Ендеше алыпқашпа әңгімеге еріп арандаудың қажеті жоқ.

Сұхбат түйінінде Қасым-Жомарт Кемелұлы «Біз үшін жалғыз ғана мемлекет бар, ол – Қазақстан. Бұл – біздің қасиетті Отанымыз. Басқа Отанымыз жоқ. Отанын қорғау, халқының амандығын сақтау – әр азаматтың борышы» – деп атап өтті.

Міне, сұхбаттың салмағын осыдан таразылай беріңіз. Ендеше елдік жолындағы еңселі істеріміз бұдан да қарымды боларына кәміл сенеміз.

Сұлтанбек ТӘУІПБАЕВ,
қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы

Президент қордаланған мәселелердің басын ашып берді

Президенттің сұхбатын бастан-аяқ тыңдадым. Мемлекет басшысы барлық сұрақтарға дипломатиялық тұрғыда жауап берді. Яғни кесе-көлденең жауап болған жоқ.

Сұхбат барысында өзекті мәселелер көтерілді. Соның ішінде саяси жағдайлардың қалай жүріп жатқанын да байқадық. Мәселен, бұрынғы кадрлардың отставкаға кетуі, биліктің жаңа құраммен толығуы тың өзгеріс дер едім.

Сөзсіз, бұрыннан келе жатқан кадларды түгелдей ауыстыру мүмкін емес. Бүгінде еліне, халқына адал қызмет етіп жүрген, талантты адамдар жетерлік. Жаңа Қазақстанды құруға бұл да үлкен демеу. Байқап қарасаңыз, қазіргі қоғамда қаншама қәсіби мамандар мен жаңаша ойлайтын кадрлар бар. Президентіміз солардың қатарын мейлінше көбейтуді көздейтінін байқадық. Одан бөлек, халықтың әл-ауқаты, әлеуметтік ахуал, қаңтар оқиғасы, журналистердің қазіргі жайы, жалпы қозғаусыз қалған дүние аз болды. Бір сөзбен айтқанда, Мемлекет басшысы елде қордаланып қалған мәселелердің басын ашып берді. Сондай-ақ «Жаңа Қазақстанда» үлкен өзгерістер болатынын тілге тиек етті. Енді Мемлекет басшысы жаңа саяси реформасына тезірек кіріссе, ел сол реформаның игілігін көрсе болды.

Кенжалы ЕРІМБЕТОВ,
ардагер журналист

ЖЫЛ БОЙЫ НЕ ІСТЕДІҢ, ӘКІМ?

АҚЖАРМАНЫҢ АУМАҒЫ КЕҢЕЙДІ

Қалалық мәслихаттың шешімімен биылғы жылы Ақжарма ауылдық округінің шекарасы бекітіліп, аумағы кеңейді. Бұрын Баймұрат ауылының жер көлемі 66 гектар болса, биыл 511 гектарға, Талдыарал елді мекені 21 гектардан 391 гектарға ұлғайтылды. Бұл туралы Ақжарма ауылының әкімі Жұмабек Әлиев 2021 жылы атқарылған жұмыстары туралы баяндағанда айтты.

– Талдыарал ауылының аумағынан жеке тұрғын үй құрылысын салу үшін 2018-2020 жылдар аралығында өтініш берген 256 азаматқа жалпы көлемі 256 000 шаршы метр жер учаскелері жеке тұрғын үй құрылысын салу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану құқығымен табысталды. Сондай-ақ апаттық жағдайдағы Н.Тасымов көшесіндегі №6 үйдің тұрғындары Сол жағалау тұрғын ауданындағы жаңа үйлерге қоныстанды, – деді ауылдық округ әкімі.

Жаңадан берілген жерлер инфрақұрылыммен, оның ішінде ауыз су желісі және тас жолмен қамтылған. Биыл аталған жұмыстардың жалғасы ретінде жаңадан электр желілерін тарту үшін мемлекеттік сатып алу конкурсы өтуде. Сонымен қатар өткен жылы орман шаруашылығына қарасты Құбас елді мекені Талдыарал елді мекеніне қосылып, көшелеріне орташа жол жөндеу және ауыз су желісі тартылды. Баймұрат батыр ауылының жаңадан қоныстанған аумағына да ауыз су құбырлары жүргізілген.

Өткен жылы жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағытындағы түрлі мемлекеттік бағдарлама аясында ауыл тұрғындарының 24,9 млн теңгені құрайтын 3 жобасы қаржыландырылып, 3,5 млн теңгені құрайтын 5 жоба қайтарымсыз грантқа ие болған. Сондай-ақ 2021 жылы ауылдық округте егін жинау науқанының қорытындысымен күріштің әр гектарынан 58,2 центнер өнім жиналған.

АҚСУАТҚА ГАЗ КЕЛЕДІ

Ақсуат ауылдық округін «көгілдір отынға» қосу мақсатында 2021 жылы 500 млн теңге және 2022 жылы 2 млрд 439 млн теңге қаржы бөлініп, қазіргі таңда мердігер «Алия-Сервис» ЖШС құрылыс жұмыстарын жүргізуде. Осы және өзге де атқарылған жұмыстар туралы қала әкімдігінің баспасөз орталығында өткен жиында Ақсуат ауылдық округінің әкімі Мәмбетәли Ақмырзаев хабарлады.

– Өздеріңізге белгілі, ауылдық округіміздің ең өзекті мәселелерінің бірі – ауылымызды табиғи газбен қамтамасыз ету. Осы мақсатта арнайы қаржы бөлініп, мердігер «Алия-Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құрылыс жұмыстарын жүргізуде. Сонымен қатар ауылдық округтің инфрақұрылымын дамыту бағытында өткен жылы жаңадан қосылған 25 көше электр желілерімен қамтылып, 5 көшеге орташа жол жөндеу жұмыстары жүргізілді, – деді ауыл әкімі.

Кәсіпкерлік саласында еңбек етіп жүрген ауыл тұрғындарының саны артып, бүгінде жалпы 337 кәсіпкерлік нысан тіркелген. Мемлекеттің шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған бағдарламалары негізінде кәсіпкерлердің 342,7 млн теңге болатын 16 жобасы қаржыландырылып, жалпы сомасы 26,3 млн теңгені құрайтын 30 жоба қайтарымсыз грантқа ие болған.

Ауылда жеке кәсіпкердің демеушілігімен «Әлі Арыстан» мешіт үйі кеңейтіліп, жанынан 30 орындық медресе мен 300 орындық асхана салынған.

Сонымен қатар білім саласын жетілдіру бағытында 120 орындық «Асыл-Ай» бөбекжай-бақшасы күрделі жөндеуден өтіп, жеке кәсіпкердің қаражаты есебінен «Аңсар-Каусар – 2020» жеке бастауыш мектебі ашылып, мемлекеттік бағдарлама аясында 83 балаға білім беруде.

Ауылдық округте спорт кешенінің болмауы ескеріліп, «Samruk-Kazyna Trust» корпоративтік қоры ауыл орталығынан 239 млн теңгеге ауданы 720 шаршы метр болатын спорт кешенін салуды жоспарлауда.

ҚЫЗЫЛӨЗЕКТЕ «ҚОЖАҚ» КӨПІРІ ЖӨНДЕЛМЕК

Қала әкімдігі жанындағы баспасөз орталығында Қызылөзек ауылдық округінің әкімі 2021 жылы атқарылған жұмыстарын баяндап, биылғы жоспарымен бөлісті. Ауыл әкімі Сәкен Әбдіжаппардың хабарлауынша, «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында «Айнакөл» және Ш.Ибраева көшелерінің жалғасына түнгі жарық бағаналары орнатылып, ауылдық округке кіре берістегі «Қожақ» автомобиль көпірін күрделі жөндеу үшін жоба-сметалық құжаттары әзірленген. Жоба мемлекеттік сараптамадан өтіп, ендігі ретте, құрылыс жұмыстарына қаржы сұралуда.

– Өткен жылғы қала әкімінің есеп беру кездесуінде Қараөзек стансасы тұрғындары тарапынан көтерілген мәселе 2021 жылы толық шешімін тапты. Мәселен, Қараөзек стансасына аяқ су беретін жаңа СНП-500/10 дизельдік насостық қондырғысы орнатылды. Сондай-ақ аяқ су тапшылығын болдырмау мақсатында «Үміт» шаруа қожалығы ылғал үнемдеудің бірден-бір тәсілі – тамшылатып суару технологиясын меңгеріп, 5 гектар жерге тамшылату әдісімен картоп өсірді. Нәтижесінде 507 гектар жерге егін егіліп, картоптың әр гектарынан 129 центнерден өнім жиналды, – дейді ауыл әкімі.

Сондай-ақ ауылдық округте кәсіпкерлік нысандардың саны өткен жылы 12-ге артып, бүгінде кәсіпкерлік саласында қызмет көрсететін 143 нысан тіркелген. Кәсіпкерлердің мемлекеттік бағдарламалар арқылы жыл көлемінде 74,8 млн теңгені құрайтын 10 жобасы қаржыландырылған.

ҚОСШЫҢЫРАУДА ЖОЛ ЖӨНДЕЛІП, ЖАРЫҚ ЖҮРГІЗІЛГЕН

Қосшыңырау ауылдық округінің әкімі Сейдуали Әбдіқадыров 2021 жылы атқарылған жұмыстарды баяндады. Оның ішінде өткен жылы «Ауыл – ел бесігі» мемлекеттік бағдарламасы аясында округте 5 көше жөндеуден өткенін айтты. Сондай-ақ ауыл әкімінің хабарлауынша, Абай елді мекеніндегі №1, №5 және Қырман көшесіне, Досан ауылындағы №1 және №9Б көшелеріне асфальт төселген.

Жарықтандыру жұмыстары шеңберінде Абай ауылына кіре-беріс жолға және сиыр фермасы аумағына түнгі жарық бағаналары орнатылып, мәдениет үйінің қас беті мен ауласы абаттандырылған.

– Округіміздегі ең өзекті мәселелердің бірі ауылымызды газбен қамтамасыз ету болса, бұл бағытта жоба-сметалық құжаттарын әзірлеуге облыстық бюджеттен қаржы қаралды. Бүгінгі таңда жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, мемлекеттік сараптама қорытындысын алуға ұсынылды. Сонымен қатар Досан ауылына талапқа сай электр қуатын жүргізу, ауылішілік жолдарды жөндеу және Абай ауылы, сиыр фермасына ауыз су жүргізіп, жол салу, «Дарбас», «Арғын» бейіттерін қоршау, балалар ойын алаңын салу жұмыстарына жоба-сметалық құжаттары әзірленуде. Бұл құжаттарды алдағы мамыр-маусым айларына дейін дайындауды жоспарлап отырмыз, – деді ауылдық округ әкімі.

Одан бөлек Досан ауылына медициналық бекет салу үшін облыстық құрылыс басқармасы тарапынан жоба-сметалық құжаттары дайындалып, мемлекеттік сараптама қорытындысын алуға ұсынылған.

Бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде атқарылған жұмыстардың нәтижесінде округте 177 кәсіпкерлік субъектілері жұмыс істеуде. Жыл басынан бері мемлекеттік бағдарламалардың қолдауымен 72 млн теңге қаржыны құрайтын 11 жоба қаржыландырылған.

А.БІРКЕНОВ

ЖАУЫНГЕРЛЕР ЕРЛІГІ – ЕЛ ЕСІНДЕ!

Шараға ардагерлер, зиялы қауым, үкіметтік емес ұйым өкілдері мен жастар ұйымының белсенділері келді. Еске алу жиыны бір минуттық үнсіздікпен басталды.

Аймақ басшысы тарихтағы аса қасіретті кезеңнің бірі, жастық шағын туған жерден тыс жерде майдан даласында өткізген азаматтардың ерлігін дәріптеу бүгінгі ұрпақтың парызы екенін еске салды.

– Кеңестік кезеңде интернационалдық борышын өтеу мақсатында қаншама жүздеген жалынды жас Ауған жерінде әскерде болды. Еліміз бейбіт күнде тыныстап жатқанда, бозбала жастарымыз сырт жерде от пен оқтың ортасында жүрді, кейбірі елге оралмады. Ауған соғысы ардагерлері, шейіт болған сарбаздарымыз азаматтық пен батырлықтың биік үлгісін көрсетті. Отан алдындағы парызын адал ақтады. Ерлік ешқашан ұмытылмайды. Сіздердің ерліктеріңіз ел есінде мәңгі сақталады, – деді Гүлшара Әбдіқалықова.

Шарада «Ауғанстан соғысының ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Қайраддин Баймаханов сөз алып, естеліктерімен бөлісті. Шара тағзым алаңындағы ескерткішке гүл шоқтарын қойып, майданда опат болған сарбаздардың рухына құран бағыштаумен қорытындыланды.

Айта кетейік, әскери қақтығыстарға Сыр өңірінен 857 адам қатысып, 18 адам қаза тапты. Облыс көлемінде 667 ауған соғысының ардагері бар. Оның ішінде 52-сі мүгедек. Сонымен қатар Ауған соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне 2012 жылдан бастап аудандық, қалалық мәслихаттардың шешімімен жылына бір рет 30 АЕК мөлшерінде біржолғы әлеуметтік көмек көрсету қарастырылған. Биыл мамыр айында 568 адамға 52,2 млн теңге төленетін болады.

Басы 1-бетте

А.БАЙ

ХАЛЫҚ ҮНІ

ЕЛДЕН СҰРАҚ, ӘКІМНЕН ЖАУАП

Белкөлдегі теміржолдан өтуге арналған көпір салу мәселесі қашан шешіледі? **1**

Кенттегі теміржол арқылы өтетін жаяу жүргіншілер көпірін салу мәселесі толығымен шешілді деуге болады. Бұл жұмыстарға облыстық және қалалық бюджеттен қаражат бөлініп, мердігер мекеме анықталды. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстары басталуда. Нысан қазан айында толығымен аяқталып, ел игілігіне беріледі деп күтілуде.

NEET санатындағы жастардың саны қанша? Бұл санаттағы жастарды қоғамға араластыру, жұмыспен қамту, білім беру бойынша жүйелі жоспар бар ма? **2**

Белкөлде NEET санатындағы жастар жоқтың қасы. Кентімізде 2021 жыл бойынша 710 жас тіркелді. Белкөл кенті мен Бірқазан елді мекені бойынша 222-сі студент. Мүгедек жастар саны – 5, олардың 3-і жұмысқа жарамсыз. Кенттің жұмыссыз жастары арасынан қалалық еңбекпен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі арқылы 2 адам ақылы қоғамдық жұмысқа қабылданса, «Жастар тәжірибесі» бойынша 8 жас маман тәжірибеден өтуде.

Бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде түрлі мемлекеттік бағдарлама арқылы 33 жас несие алып, өз кәсіптерін дөңгелетіп отыр.

Сондай-ақ 5 жұмыссыз жас мемлекет тарапынан кәсіпкерлік мақсатында қайтарымсыз грантқа ие болды. Жастардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында және бұқаралық спортты дамыту бойынша көпқабатты тұрғын үйлердің және мектеп ауласында 3 спорт алаңы бар. Сондай-ақ Әбдіқадыров көшесінен 2019 жылы жаттығу құрылғылары бар ойын алаңы салынса, 2020 жылы Бірқазан елді мекеніне спорт алаңы салынды. 2021 жылы кентіміздің орталығынан да спорттық жаттығу алаңы пайдалануға берілді. Спорттық үйірмелерге келсек, 2019 жылы жеке кәсіпкер «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» мемлекеттік бағдарламасы аясында несие алып, спорт кешенін салды. Қазіргі таңда спорттың 8 түрінен 250-ге жуық бала спортпен шұғылданады.

Сарыарқа көшесі жаңбыр жауса батпақ, жазда шаңнан көз ашпаймыз. Асфальт қашан төселеді? **3**

Сарыарқа көшесіне орташа жол жөндеу жұмыстарын жүргізуге жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, тиісті мекемелерге бюджеттік өтінім тапсырылды. Енді жобаның қаржыландырылуы күтілуде.

Ертеректе кент ішіне іргедегі каналдан аяқ су тартқан болатын. Сол жұмысты қайта жандандырса, кент ішіндегі басты көше бойына тал егуге болады. **4**

Қалаға қарасты кент пен ауылдық округтерді аяқ сумен қамтамасыз ету мақсатында дренаждық ұңғыма орнату жұмыстары жоспарлануда. Бұл мақсатта ұңғыма қазу жұмыстарына Белкөл кентінен 2 орын белгіленіп, тиісті ұсыныстар берілді.

Өткен жылы жаңа жол сызбасы арқылы кенттің арғы бетінен №3 маршрут үш-төрт күн қалаға қатынап, қайта тоқтап қалды. Осы ретте, жаңа жол сызбасына ұсыныс беріп, жаңадан қосылатын бағытты арғы бетте емес, халық көп шоғырланған кент ішінен қалаға қатынаса дейміз. Бұл кәсіпкерлерге де, халыққа да тиімді болар еді. **5**

Халық көп шоғырланған кент ішінен қалаға №16 бағыттағы орта сыйымдылықтағы қоғамдық көлік ұдайы қатынауда, ал темір жолдың арғы бетінен биылдан бастап №3 бағыттағы үлкен сыйымдылықтағы қоғамдық көлік қызметін бастады.

Учаскелік полиция қызметкері түнгі 23:00-ден кейін дүкендердің спирттік өнімді сатпауын жіті қадағаласа деймін. **6**

23:00-ден кейін дүкендердің спирттік өнімді сатпауын қадағалау мақсатында учаскелік полиция инспекторлары рейд жүргізіп, ескертпе парақтары берілді. Сату фактілері орын алған жағдайда әкімшілік хаттамалар толтырылып, тиісті шара көріледі.

Көпқабатты үйлердің алдындағы жолға асфальт төселгеніне көп жыл болмаса да тозығы жетіп, шұқырлар көбейген. Қайта асфальттау жұмысы қашан жүргізіледі? **7**

Қазіргі таңда көпқабатты тұрғын үйлердің кәріз су желісін қайта жаңғырту жұмыстары жоспарлануда. Соған сәйкес, қазба жұмыстары аяқталғаннан кейін, тұрғын үйлердің алдына абаттандыру жұмыстарына жоба-сметалық құжаттар әзірленіп, бюджеттік өтінім тапсырылды.

Ауыл әкімі елмен етене жұмыс істеу керек. Әкімнің халықпен жұмыс істегенін көрген емеспін. Көпқабатты үйлердің ауласын аралап, тұрғындармен тілдесіп көрді ме екен? **8**

Кенттің инфрақұрылымын жақсарту және коммуналдық мәселелер бойынша ұдайы кент тұрғындарымен кездесу ұйымдастырылуда. Сондай-ақ азаматтарды түрлі мәселе бойынша аптасына екі рет жеке қабылдау жүргізіледі.

Көпқабатты үйлерде, әсіресе, 12-ші үйде жаңбыр жауса төбеден су ағады 5-ші, 4-ші қабатқа дейін жетеді. Пәтерімізге жасалған жөндеу жұмыстары зая кетуде. **9**

Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңының 32-бабының 1 тармағында көрсетілгендей, пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне ағымдағы және күрделі жөндеу жүргізуді қоса алғанда, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау және оның қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қолдануға міндетті.

Дегенмен 2017 жылы жеке кәсіпкердің демеушілігімен №1 көпқабатты тұрғын үйінің шатырына жөндеу жұмыстары жүргізілген еді. Сондай-ақ №11 және №12 тұрғын үйлерді модернизациядан өткізуге сметалық құжаттар әзірленді. Алайда тұрғындар тарапынан қолдау болмады.

Белкөлдегі көпқабатты үйлердің жылуы нашар. Қордаланған мәселе өте көп. Ай сайын үйді күтіп-ұстауға ақша төленіп отыр. Ешқандай өзгеріс көрмедік. КСК қандай жұмыс атқарады? Подъезде терезе де жоқ. 40 жылғы тақтайлармен тұр. Есік қысы-жазы ашық тұрады. Жертөле тазаланбайды, қараусыз қалған. **10**

2020 жылы ұзындығы 1037 метрді құрайтын кварталларалық жылу жүйелері жаңадан ауыстырылған. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңының 32- бабының 1 тармағында көрсетілгендей пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне ағымдағы және күрделі жөндеу жүргізуді қоса алғанда, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау және оның қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қолдануға міндетті делінген.

Жаңа мәдениет үйі салынады деп айтылып еді. Бұл шаруа аяқсыз қалды ма? **11**

2020 жылы облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, жоба-сметалық құжаттары әзірленген. Қазіргі таңда мемлекеттік сараптамадан өткізілуде. Ағымдағы жылдың ақпан айында мемлекеттік сараптаманың қорытындысы шығады деп жоспарлануда. Соған сәйкес бюджеттік өтінім тапсырылып, қаражат қарастырылады.

Талғат Әбуов көшесіне жарық орнатылса? **12**

Т.Әбуов көшесі 2020 жылы асфальтталған болатын. Ендігі кезекте жарықтандыру жұмыстарына жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, бюджеттік өтінім тапсырылды. Жыл көлемінде тиісті қаражатты бөлуге немесе жергілікті бюджет есебінен үнемделген қаражатқа жарықтандыру жұмыстарын жүргізуге тиісті жұмыстар атқарылатын болады.

Басы 1-бетте

P.S. Өз ауылыңыздың әкіміне қояр сауалыңыз болса «Ақмешіт апталығы» газеті редакциясына хабарласыңыз.

Телефон: 8 (7242) 40 11 10. E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

БАУЫРЛАР ТАБЫСЫП, БӨЛЕЛЕР ТАНЫСТЫ

Жақында «Ассалаумағалейкүм, орта! Жалағаш станциясынан кім бар екен? Жақанбаев Үсенбек-Ұмытшақ деген кісілердің балалары болса хабарлассыншы. Есімім Ораз, Арқалық қаласынан боламын» деген «WhatsApp» желісінен хат келді. Қазір ақпараттық технологияның дамыған заманы ғой. Бұл жазбаны әлеуметтік желілер арқылы жан-жаққа тараттық. Сөйтіп бір-бірін 45 жыл көрмеген апалы-сіңліні табыстырып, бөлелерді таныстырдық.

Анасының немере апасын іздеген Оразбек Қоныскара Нұрғали 1976 жылы дүниеге келген. Ол – Қостанай облысы, Торғай қаласы, Жангелдин ауданы, Тәуіш елді мекенінің тумасы. Оның айтуынша, Қызылордамен байланыс өзі дүниеге келмей тұрып, 1975 жылдан бастап үзілген. Осы уақытқа дейін анасын әулеттің жалғыз қызы деп, «Қаз» руының барлық жиенін бөлесі санап келді. Осылайша 46 жасқа келгенде өзінің туған бөлелерін жолықтырып отыр.

– Менің анамның есімі Базар. Ал апасы Ұмытшақ. Олар Қатпа мен Кәжек деген екі ағайындының қыздары. Бүгінге дейін анамызды әулеттің жалғыз қызы деп ойладық. Сондықтан бізде туған бөлелер деген түсінік болған жоқ. Дегенмен «Қаз» руынан туған қыздың баласын бөле деп жақын тартатын едік. Енді, міне, өз бөлелеріміз табылды. Анам мен апасы 1975 жылға дейін араласып тұрған. Тіпті анам Қызылордаға оқуға түспек болып, сонда барады. Бірақ отбасын сағынып, қайта кері қайтады. Анам тәтесін «папа» деп атайды екен. Ол кісі Қызылордаға ертеректе тұрмысқа шыққан. Арадағы байланыс үзіліп қалып, бір-бірімен хат-хабар алмағанына 45 жылдай уақыт болыпты. Бір қызық оқиғадан бастайын. Қазір айтсам күлетін шығарсыз. Былтыр жазда түс көрдім. Түсімде анамды көріп жатырмын. Арғы жағында анама аумайтын бір кісі отыр. Ол кісіні бұл анамның

Басы 1-бетте

тәтесі ғой деп жобаладым. Содан оянып кеттім. Былайынша көрген түсімізді ұмытып қаламыз ғой. Ал бұл түс ұмытылмады. Ойдан да кетпей қойды. Бірде анаммен әңгімелесудің сәті түскенде ол кісіге түсімді айттым. Сөйтсем анам «Иә менің тәтем бар ғой. Оны папа деп айтушы едім» – деді. Біз дүниеге келгелі анамыздың немере апасы барын естіген емеспіз. Осылайша нағашы апамыз туралы барлық мәліметті сұрап, туған бөлелерім бар екен ғой деп қуанып, іздеуге кірістім, – деді ол.

Оның айтуынша, апалы-сіңлілер екі жақта болғандықтан арадағы байланыс үзіліп кеткен. Оразбек Қоныскараұлы былтырдан бастап, «Фейсбук» әлеуметтік желісі арқылы іздеген. Одан таппаған соң, Ақтөбедегі театрда жұмыс істейтін қызылордалық жолдас баласына хабарласыпты. Одан нәтиже болмайды. Сөйтіп жүргенде Қызылордадан жұмыс барысымен Файзулла деген жігіт келеді. Оған Жалағаш ауданында тұратын бөлелерін іздеп жүргенін айтады. Файзулла да бірден сол жақта жиенінің газеттің редакторы болғанын, бірақ қазір Қызылорда қаласына ауысып кеткенін айтады. Бірақ жиеніне айтып, іздестіретінін жеткізеді. Осылайша «Ақмешіт апталығы» газетінің ұжымы Оразбектің Қызылордадағы туыстарын тауып, табыстырды. Олар әзірге телефон арқылы байланысып, бір-бірін видеоқоңырау арқылы көрді. Алдағы уақытта кездесіп, етене жақын таныспақ.

– Ұялы байланыс арқылы Бағдат деген бөлеммен сөйлестік. Менің жазбам тек Қызылордаға емес, Алматыға дейін тарап кетіпті. Содан «ол кісілерді неге іздеп жүрсің?» деген жан-жақтан хабарласушылар көбейді. Олар іздеген бөлелерімнің көршісі болса, енді бірі жолдастары болып шықты. Осылайша нағашы апайыммен бөлелерімді тауып алдық. Бөлелерімді табуға себепкер болған «Ақмешіт апталығы» газетінің ұжымына алғысым шексіз. Әсіресе анам 45 жылдан кейін бауырымен сөйлесіп, қуанып қалды. Ұмытшақ апа биыл 80 жасқа толады екен.

Оразбектің Жалағашта тұратын бөлесі Бағдатқа да хабарласқан едік.

– «Ақмешіт апталығы» газетінің ұжымына ерекше алғыс айтамыз. Алла разы болсын. Игілікті іс атқардыңыздар. Жұмыстарыңыздың берекесін берсін. Шынын айтқанда, бөлелеріміздің бар екенін де білмейміз. Тек қана анамыздың бауыры бар екенін естіп жүрдік. Бірақ ұзақ жылдар бойы бір-бірімен хабарласып, араласпағаннан кейін сұрамайтын едік. Анам да қанша жылдан кейін бауырын тапқанына, біз бөлелерімізбен таныскәнымызға қуанып жатырмыз. Алдағы уақытта кездесіп, жақын араласамыз деген ойдамыз, – деді Жалағаш ауданының тұрғыны Бағдат Жақанбаев.

P.S. Қадірлі оқырман, егер сіз жақыныңызды жоғалтып, таба алмай жүрсеңіз, бізге хат жазып, хабарласуыңызға болады. Біз әрдайым бір-бірін іздеген жандардың табысуына себепкер болуға дайынбыз. Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы Бейбарыс Сұлтан көшесі №4. Темірбек Жүргенов атындағы шығармашылық үйі. «Ақмешіт апталығы» газеті.

Эл. пошта: akmeshit.kz@mail.ru

Байланыс нөмірі:8702 932 52 25

Ақмарал ОЛЖАБАЙ

ҚҰҚЫҚ ҚҰРЫҒЫ

ІШІМДІК ІШІП, КӨЛІК АЙДАҒАН 61 ЖҮРГІЗУШІ ҰСТАЛДЫ

Қызылорда қаласының полиция басқармасының қызметкерлері жол-көлік апаттарының алдын алу мен жолда жүру ережелерін бұзушыларды анықтау мақсатында «Құқық тәртібі» жедел профилактикалық жұмыстарын атқаруда. Аталған жұмыстар нәтижесінде соңғы бір айда масаң күйде көлік тізгіндеген 61 автокөлік иесі анықталды.

Жуырда полицейлер Ажаров көшесінің бойында жол ережесін бұзған «Daewoo Nexia» маркалы автокөлігін тоқтатқан. Тексеру барысында көлікті тізгіндеген 24 жастағы қала тұрғынының құжаттары жоқтығы анықталды. Оның былтыр сәуір айында соттың шешімімен көлік құралын жүргізу құқығынан 7 жылға айырылғандығы белгілі болды.

Осыдан соң патрульдік полиция қызметкерлері көлік жүргізушісін наркологиялық диспансерге алып барып, медициналық тексеруден өткізген. Сараптама қорытындысына сай азамат «орта дәрежедегі» алкогольді масаң күйде болғандығы анықталды. Бүгінде аталған дерек бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жұмыстары жүргізілуде.

КӨЛІК ҰРЛАҒАН

Жуырда белгісіз адам Жаппасбай батыр – Қорқыт ата көшелері қиылысында «Daewoo Nexia» және Қазақстан көшесінің бойында орналасқан жеке меншік үйдің алдында тұрған «Niva 2121» автокөліктерінің есігін кілт іріктеу арқылы ашып кіріп, белгісіз бағытқа айдап кеткені жөнінде «102» арнасына хабарлама түскен.

Жедел басқару орталығының бейнекамералары арқылы қылмыскер көпқабатты үйлердің ауласында ұрланған автокөліктерді жасырғаны белгілі болды. Кезекшілікке түскен «Боран – 9» қызметкерлері оқиға орнына жіберіліп, қылмыскер сол аралықта ұсталды. Жәбірленушілерге келтірілген материалдық шығын көлімі 2 миллион теңгеге жуық.

Қазір оқиғаның мән-жайы анықталуда. Күдіктіге қатысты ешқайда кетпеу туралы үкім шығарылды.

МАСАҢ КҮЙДЕ КӨЛІК ТІЗГІНДЕГЕН

Жуырда облыстық полиция департаментінің қызметкерлері орталық көшелердің бірінде жеңіл автокөлік жүргізушісінің ішімдік ішіп, рөлге отырғандығын анықтады.

Жүргізуші сол жерден наркология орталығына жеткізіліп, медициналық тексеруден өткізіліп, автокөлігі айып тұрағына қойылған.

Медициналық куәландырудың қорытындысымен көлік жүргізушісінде мастықтың «орта» дәрежесі екені анықталып, оған қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама рәсімделді.

ЗАҢСЫЗ ҚАРУ САҚТАҒАН

«Құқық тәртібі» жедел-профилактикалық іс шарасы барысында 33 жастағы Жалағаш тұрғынының сарайынан ІІО тіркеуде жоқ 16-калибрлі, 1 ұңғылы, нөмірсіз аңшы мылтығы табылды.

Осы тектес дерек Жаңақорған ауданында да болды. Аудандық полиция бөлімінің қызметкері 21 жастағы аудан тұрғынының үйін тексеру кезінде ІІО-да тіркеуде жоқ, 2 ұңғылы, 16 калибрлі, аңшы мылтығын заңсыз сақтағанын анықтаған.

Анықталған деректер бойынша Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 482-бабының 1-бөлігімен әкімшілік хаттамалар рәсімделіп, сотқа жолданды.

ПӘТЕРДЕН ТАБЫЛҒАН АПИЫН

Полицейлер жақында күдікті азаматтың жеке пәтерінен есірткіге ұқсас затты анықтады. Сараптама қорытындысына сәйкес, экстракциондық апиын екені дәлелденді. Сонымен қоса күдіктімен сыбайлас тағы 4 азамат ұсталды. Олар бұрын сотты болғандар.

Оқиға орнынан 6 еріткіш құтысы, 25 медициналық шприц, 9 аммиак ерітіндісінің құтысы және асхана бөлмесіне қажетті құрал-саймандар айғақ зат ретінде алынды.

Бүгінде аталған дерек бойынша, сотқа дейінгі тергеп-тексеру жұмыстары жүргізілуде.

ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОН ИЕСІНЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ

Қазақстан Республикасы ІІМ Ұрлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған бағдарламасын жүзеге асыру бағытында басқарма қызметкерлері күнделікті профилактикалық шаралар өткізуде.

Жуырда қала тұрғыны тұрғылықты мекен-жайына қайту үшін таксиге отырып, сол аралықта «Samsung A 32» үлгісіндегі ұялы телефонын ұрлатып алған. Жәбірленушіден түскен шағымнан соң полиция қызметкерлері іздеу жұмыстарымен айналысқан.

Полицейлердің шұғыл іс-қимылынан соң ұрлық жасаған қала тұрғыны ұсталды. Жәбірленушіге ұялы телефоны қайтарылды. Қазіргі уақытта аталған дерек бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізіліп, оқиғаның мән-жайы анықталуда.

Дайындаған **А.БІТІМБАЙ**

Мәліметтер облыстық полиция департаменті мен қалалық полиция басқармасынан алынды

Өмір – театр. Оның басты кейіпкері адам. Күлесің, жылайсың, қуанасың... Жер бетінде қанша адам болса, сонша тағдыр бар. Өмір адамға бір-ақ рет беріледі. Біз тек сырға толы, сол қызық әлемнің жолаушысымыз. Алайда қазір жалған дүниенің қадірін түсінбейтін жандар қатары көп. Сондай-ақ бар уақытын босқа өткізіп жүргендер қаншама...

Адам дүниеге келгеннен кейін тірліктегі кездескен барлық қиындықпен күресе білген жөн. Дегенмен күнделікті өмірдегі уақытша сынаққа сағы сынып, баз кешетіндерді көзіміз көріп жүр. Бірақ олар жарымжан болмай, он екі мүшесінің сау болғанына қанағат ете білуі керек.

Бұрын адамдардың өз-өзіне қол жұмсағанын естігенде жұрт жағасын ұстап, жүрегі ауыратын. Ал қазір жиі орын алатын бұл жағдай өзекті мәселеге айналуда. Аталған тақырып қанша талқыланса да, оны түбегейлі жою мүмкін болмай отыр. Өйткені тағдыр тауқыметіне түсіп, тығырыққа тірелген шарасыз жандар соңғы жолды таңдайды. Бүгінде қиындыққа тез мойымай, қасқайып қарсы тұра алатындардың қатары аз. Ондай жандарға жігер мен төзім жетпейтін секілді.

Қазір ешқандай мәселеге тап болмаса да, өмірден түңіліп жүрген адам көп. Олар өзінің ештеңеге қызығушылығы жоғын айтып, «Көз көрмес, құлақ естімес» жаққа кетуді қиялдайды екен. Бірде осындай ойда жүрген досым ағынан-жарылып ішіндегі сырын ақтарды. Онда атақ, абырой, ақша бәрі бар. Бірақ өмірден жиі баз кешеді. Мүмкін жалғыздықтан шығар деп ойладық. Кейін үйленіп, отбасылы болды. Сонда да, мұндай жағдай онда жиі қайталана берді.

– Неге екенін білмеймін. Мен үшін өмір бір де қызық, бір де қызықсыз көрінеді. Жақсылық болса қуанудың орнына, бір жамандығы бар деген оймен жүремін. Санамда үнемі текке өмір сүріп жүрмін деген ой тұрады, – дейді Бек Досан (есімі өзгертілді).

«Дүние алма кезек» демекші өмірде барлығы да уақытша. Тіпті мына фәни жалғанның өзі мәңгілік емес. Қиындық болмаса бұл өмір қызықсыз болар еді. Себебі кез-келген сынақ адамға сабақ болып, шыңдайды, көп нәрсеге үйретеді. Соңғы кезде психологтар көмегіне жүгінетіндер қатары көбейді. Өйткені тура жолды таба алмай, шақшадай басы шарадай болатындарға бұл саланың пайдасы зор. Өмірден түңілмес үшін не істуге болады? Осыған орай психологтардың бірінен кеңес беруін өтінген едік.

– Өмір ақ пен қарадан тұратыны сияқты, қуаныш пен қиындық та қатар жүреді. Бұл – заңдылық. Жассыз ғой. Өміріңіз алда... Әлі талай қуанышты күндер, бақытты сәттер келеді. Соның бәрін осылай жаман көңіл-күймен қарсы ала бермексіз бе? Мен өмірден түңілдім деме... Керісінше әлі де бақытты боламын, қолымнан бәрі келеді деп өз-өзіңізді жігерлендіріңіз. Өйткені айналаңызда сізден де бақытсыз жандар көп. Олай біржақты көзқарасты ұстануға әсте болмайды. Өмір күрестен тұрады. Бәрін жақсы жағынан көре білу керек. Әр таңды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алуға тырыс. Жаныңызға жақын жандардың қасында жиі болыңыз. Сіздің қолыңыздан бәрі келеді. Тек қорықпаңыз. Өзіңізді босқа кері тартпаңыз. Өмірден жалыққан кезіңізде, кемтар, мүгедек, жетім жандар жайлы ойланыз. Солар туралы бағдарлама көріңіз. Өзіңізді солармен салыстырыңыз. Байқасаңыз, олар қандай қиындық көрсе де өмірден түңілмейді. Керісінше алға қарай ұмтылып, бәріне құштар болады. Адамдармен әрқашан күліп сөйлеседі, әр нәрсеге араласып қолынан келгенінше көмек көрсетуге дайын тұрады. Ең бастысы, ата-ананды ойла. Саған үлкен сенім артқан олардың үмітін ақтауға тырыссаң өмірге деген құштарлығың оянады, – дейді психолог Айдын Жылқышиева.

Өмірді сүйе де, сүре де білейік... Сонда ғана алтын уақыттың қадірін түсініп, барымызды бағалаймыз.

Айбек ЖАҚСЫЛЫҚ
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
IV курс студенті

THE WALL STREET JOURNAL.

РЕСЕЙ-УКРАИНА: ШЕКАРАДАҒЫ ШИЕЛЕНІС

Соңғы уақытта Ресей мен Украина арасындағы шиеленісте АҚШ президенті Джо Байден көбірек төбе көрсетіп, ахуал туралы баяндап жүр. Одан бөлек ол бұл мәселені шешуге де өз септігін тигізгісі келетіні анық. Дегенмен шекарадағы жағдай мен елдегі ахуал туралы да қалың жұртшылықтың білгісі келетіні жасырын емес. Осыған орай «The Wall Street Journal» басылымында газеттің сыртқы істер бойынша бас тілшісі Ярослав Трофимов, Киевтегі тілші Томас Гроув пен Мәскеудегі меншікті журналист Энн Симонстың «НАТО басшысы Ресей әлі де әскерін Украинаға жақын жерге жинап жатқанын мәлімдеді» тақырыбында мақала жарық көрді.

Мақалада көрсетілгендей, Мәскеу өз әскерінің бір бөлігін қайтара бастағанын мәлімдеп, танктер мен бронетранспортерлердің шығарылуы туралы бейнежазбаларды жариялағанына қарамастан, Солтүстік Атлантикалық Шарт Ұйымының Бас хатшысы Украинаның айналасында ресейлік әскери қуатының артуы жалғасып жатқанын айтқан.

Сәрсенбіде, яғни АҚШ барлау қызметінің мамандары Ресейдің басып кіруі ықтимал деп жариялаған күні украиндықтар ынтымақтастықты қолдайтынын және берілмейтінін білдіру мақсатында ұлттық туды көтеріп, таңертеңгілік салтанатты жиында мемлекеттік әнұранды шырқап, шеруге шыққан. Бір күн бұрын елдегі екі ірі банкке кибершабуыл жасалып, төлемдерді уақытша тоқтаған және шоттарда теңгерім нөлге теңескен болатын.

НАТО Бас хатшысы Йенс Столтенберг одақтастыққа мүше 30 елдің қорғаныс министрі жиналған Брюссельдегі жиында: «Біз Мәскеудің дипломатиялық келісім жүргізуге дайын екені туралы белгіні түсіндік. Бірақ біз әзірге шекарадағы деэскалацияны байқаған жоқпыз. Керісінше Ресей әскери қуатын арттыруды жалғастырып жатқан сияқты», – деді.

Соңғы аптадағы мәлімет бойынша, Украинаға жақын жерде 130 мың ресейлік әскер шоғырланып, 30 мың әскер Беларусь жеріне тұрақтаған. Осыған байланысты АҚШ өзінің Киевтегі елшілігін жауып, дипломаттар мен әскери қызметкерлерін елге қайтарып алған. Ал Ресей президенті Владимир Путин сейсенбі күні Германия канцлері Олаф Шольцпен кездесу кезінде әскерді «кезең-кезеңімен қайтару» туралы бұйрық бергенін және Ресейдің қауіпсіздік талаптары мен Украинаның болашағы туралы Батыспен келіссөз жүргізуге дайын екенін айтты.

Сәрсенбі күні Ресей Қорғаныс министрлігі бөлімшелердің кейбірі 2014 жылы аннексиялап алған тұрақты базаларына қайта орала бастағанын хабарлаған. Бұл базалардың кейбірі Украинаға жақын жерде орналасқанын ескерген жөн.

Украина да Ресей мен Беларусь жеріне жақын орналасқан, ресейлік теңіз десанты әскерлерінің шабуылына осал аймақтарда өз жаттығуларын бастаған. «Украинаны қорғауға тиістілердің барлығы өз жұмысын істеуде. Қауіпті тәсілдердің алдын алу үшін арнайы позицияларға жеткізілуі керек барлық әскери жеткізіліп, ок-дәрілер жеткілікті түрде жасақталды», – деп мәлімдеген Украинаның қорғаныс министрі Алексей Резников сәрсенбі күні жергілікті теледидарда жариялаған үндеуінде.

Украина президенті Владимир Зеленский сәрсенбіде Беларусь маңындағы Ровно облысындағы оқу-жаттығуларды тексеріп, кейінірек елдің шығысындағы Донецк маңындағы әскерилерге барған. Бұл туралы Украинаның президент кеңсесі хабарлады. Зеленский өз сөзінде «Біздің өмірге деген ортақ ұмтылысымыз бізге бейбітшілікте, бірге өмір сүруге көмектеседі. Біз Украинадамыз және біздің елімізді өзімізден артық ешкім қорғай алмайды», – дейді.

АҚШ-тың ресми өкілдерінің айтуынша, Ресей Украина астанасына солтүстіктен шабуыл жасау үшін пайдалана алады деп есептеген Беларусьтегі әскери жаттығулар 20 ақпанда, ал Ресейдің Қара теңіздегі әскери-теңіз жаттығулары 19 ақпанда аяқталуы керек. Бұл орайда Беларусь сыртқы істер министрі Владимир Макей сәрсенбі күні оқу-жаттығулар аяқталғаннан кейін Мәскеу елде «бірде-бір сарбаз, бірде-бір техника қалдырмайды» деп мәлімдеген.

«Соңғы аптада Украина дипломатиялық белсенділіктің ортасында қалып, Франция мен Германия басшылары Киев-Мәскеу соғысын болдырмауға тырысуда. Бұл дипломатиялық күш-жігер негізінен Донецк және Луганск облыстарындағы ірі шайқастарды тоқтатқан 2015 жылы Франция-Германия арасында жасалған Минск-2 келісіміне бағытталуда», – деп жазады басылым тілшілері өз мақаласында.

Келіссөздер әлі нәтиже бермегенімен, Мәскеуде Германия канцлері Олаф Шольцпен кездесуден кейін Путин Вашингтон, Париж бен Берлин «Минск-2» келісімі бойынша Украинаға қысым көрсету үшін «дұрыс ықпал етеді» деп күтетінін айтқан.

Сол күні Ресей парламенті Путинге Ресейдің бақылауындағы Донецк пен Луганскты тәуелсіз мемлекет ретінде тануды ұсынған. Путиннің баспасөз хатшысы Дмитрий Песков «Ресей президентіне өтініштер түсті, бірақ Владимир Путин Донецк пен Луганск облыстарын Украина құрамындағы автономиялық аймаққа айналдыратын Минск келісімдерін орындағысы келеді», – деді. Сондай-ақ ол Путин келіссөздерді жалғастыруға дайын екенін және Байден де солай жасауға дайын екеніне сенетінін мәлімдеді.

Американың ресми өкілдерінің мәліметінше, айдың басында Украина шекарасына жақын жерде 83 батальон болса, бүгінде ол 105-ке жеткен. Сондай-ақ олар «Ресей Украинаға жақын жерге 500 әскери ұшағын және Қара теңізге 40 әскери кемесін алып келді», – деп мәлімдеуде. Ескертпелерге қарамастан Украина президенті Зеленский халықтың рухын көтеруге және жігерлендіруге көп көңіл бөлуде. Мәселен, ол сәрсенбіде ұлттық мереке жариялап, ел бойынша мемлекеттік ту ілуді тапсырған. Сондай-ақ Киевтің орталық стадионында таңертең мемлекеттің «Украина әлі өлген жоқ» деген сөздерден басталатын әнұранын халықпен бірге шырқаған.

«Біз елімізге және президентімізге қолдау көрсетуіміз керек. Қазір біз қиын уақытты бастан өткерудеміз. Алаңдаулы болсақ та үрейге бой алдырмауыз керек. Ресей бізге кеше немесе өткен аптада шабуыл жасаған жоқ, біз сегіз жыл бойы Ресеймен соғысып келеміз», – дейді 2014 жылы туған қаласы Донецкті ресейлік әскер басып алғанда қашып кеткен университет студенті Роман Дудяк тілшіге берген сұхбатында.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған
Аслан НҰРАЗҒАЛИ

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4256 Тапсырыс №245

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Аслан НҰРАЗҒАЛИ